

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабек Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабек Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor Daurenbekova L.N.
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief Alimbayev A.E.
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabek D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиатекстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОҒЛУ Ө., ӘШІРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--	---	-----

ҒТАМА 16.21.33

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.07>

Н.Е. ҚАРТЖАН¹ 

С.С. ИСАКОВА² 

*С.К. КЕНЖЕМУРАТОВА³ 

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан^{1,2}
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан³
(e-mail: kowka-95@mail.ru¹, sabira-i@yandex.ru², bidos.daulet@mail.ru³)

ЕРТЕГІ ДИСКУРСЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ: АНЫҚТАМАСЫ, ЖІКТЕЛУІ ЖӘНЕ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Аңдатпа. Мақала ертегі дискурсының зерттелу жайына арналады. Тіл білімінің антропоцентрлік парадигмасы аясында пайда болған дискурс теориясы мәселелері соңғы жылдары қарқынды дамып отыр. Лингвистикада дискурс ұғымы туралы көптеген пікірлер қалыптасты. Мақалада қазіргі тіл біліміндегі дискурс ұғымын анықтауға қатысты коммуникативтік және функционалды, әлеуметтік-прагматикалық, құрылымдық-синтаксистік, құрылымдық-стилистикалық көзқарастардың қалыптасқандығы туралы айтылады. Дискурстың мәтінмен, коммуникацияға қатысушылардың санасында өтетін үдерістермен, прагматикамен байланысы анықталады. Ғалымдардың «Дискурс» ұғымын берген анықтамаларына талдау жасалады, өзіндік тұжырымдар ұсынылады. Дискурстың түрлерін анықтауға коммуникативтік актіге қатысушылардың сипаты, тарихилық, процессуалдық өлшемдерінің негіз болатыны анықталады. Ертегі дискурсының шығу көздері туралы пікірлер талданады. Ертегі дискурсының зерттелуіне жан-жақты талдау жасалынады. «Ертегі дискурсы» ұғымына берілген анықтамалар сараланып, өзіндік тұжырымдар жасалады. Ертегі дискурсы әрбір ұлттың өмір-тіршілігі, дүниетанымы, наным-сенімі, бір сөзбен айтқанда дүние бейнесі туралы мәдени-құнды ақпараттар жиынтығы деп қорытынды жасалады. Ертегі дискурсының саяси, теледидар, компьютер және театр дискурстарымен байланысы анықталады. Ертегі дискурсы – күрделі лингвомәдени бірлік, ол қазіргі қарым-қатынастың әр түрлі жағдаятында кездеседі. Ертегі дискурсы мен діни дискурстың байланысы нақты мысалдар арқылы дәлелденеді.

Түйін сөздер: дискурс, дискурс теориясы, ертегі дискурсы, мәтін, коммуникация, прагматика, лингвомәдени бірлік, дүние бейнесі, дүниенің тілдік бейнесі

Кіріспе. Ертегі дискурсы халықтың тарихы, мәдениеті мен тілінің

ерекшелігі туралы ақпарат беретін дереккөз болып саналады. Ертегілер оқырманды халықтың наным-сенімімен, аңыздарымен таныстыруға мүмкіндік береді. Ертегіні түсінудің негізгі факторы ретінде әрбір нақты қоғамдағы әдеп нормаларын қалыптастыруғанегіз болатын мәдени салт-дәстүрді білуді айтуға болады. Сонымен бірге, ертегі дискурсы ұлттық ойлауды қалыптастырады, өйткені әрбір адамның санасының бөлінбес бір бөлшегі болып табылады. Кез келген ертегіде кездесетін атрибуттардан кейіпкердің ішкі жан-дүниесі, олардың үміттері, ұмтылыстары мен құлшыныстарын жасырып тұратын тылсым дүниеден тұрады. Адамзаттың жақсылықты іздеуі, шындық пен әділдікті орнатуға ұмтылуы, уақытты тоқтату, мәңгілік жас болу, өлімді жеңу сияқты армандары ертегіден көрініс тапқан. Сонымен бірге, ертегілердің маңызды практикалық құндылығы бар: ол жасөспірімдерді өмірге дайындайды, әдеп пен адамгершілік негіздерін қалыптастырады, мәдени құндылықтармен таныстырады.

Ертегі дискурсы күрделі әрі көп қырлы зерттеу нысаны болғандықтан, тілші ғалымдар да, әдебиеттанушылардың да назарын ертеден өзіне аударды. Ғалымдардың пікірінше, ертегі халық өмірі туралы сарқылмас ақпарат көзі болып саналады.

Зерттеудің теориялық негізін Н.А. Акименко, В.И. Карасик, О.А. Плахова, В.Я. Пропп, Т.А. Van Dijk, J.D. Zipes, Н.Д. Арутюнова, В.З. Демьянков, Ю.Н. Караулов, А.А. Кибрик, Е.С. Кубрякова, Л.М. Макаров, М. Фуко, Т. Ван Дейк, Н. Феэрклаф, М. Стабс, Р. Водак, Д. Кэмерон, Д. Таннен, Қ.Ө. Есенова, З.Ш. Ерназарова, Г.Н. Смағұлова, Г. Әзімжанова, Б.С. Жұмағұлова, Г. Бүркітбаева, Е. Әлкебаева, Н. Уәли, Ж.М. Кеншінбаева, Ш.А. Нұрмышева, С.Б. Альпатына, А.Е. Сәденова, Ш.А. Сабитова, Г. Мұратова, К.Қ. Садирова, А.Т. Қасымбекова, Л. Ақтанова, А. Әділова, Н.Қ. Құлтанбаева т.б. ғалымдардың еңбектері құрайды.

Зерттеудің өзектілігі қазіргі тіл білімінде қазақ және ағылшын ертегі дискурсын салғастырмалы зерттеулердің аздығымен, ертегі мәтіні мен ертегі дискурсының айырмашылығы туралы мәселелерге біржақты пікірдің болмауымен түсіндіріледі. Қазақ және ағылшын ертегі дискурсының бір-біріне ұқсамайтын көпқырлылығы оны арнайы зерттеуді қажет етеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Талдау әдісі дискурсқа, ертегі дискурсына қатысты теориялық мәліметтер мен тұжырымдарды, дискурс ұғымына берілген анықтамаларды, ертегі дискурсының шығу көздерін талдауда қолданылады. Салыстырмалы әдіс ертегі дискурсы мен саяси, теледидар, компьютер және театр, діни дискурстарды салыстырып, өзара байланысы мен айырмашылығын анықтауда қолданылды. Дефинициялық талдау әдісі зерттеудің тірек ұғымдарын анықтау мақсатында және зерттеудің ұғымдық аппаратын қалыптастыруда қолданылды.

Талқылау мен бақылау. «Дискурс» ұғымын анықтауға деген қазіргі

көзқарастарды талдайық. «Дискурс» терминінің көпмағыналылығы туралы сұрақтың туындауын тіл білімі саласында оның жиі қолданылуынан көруге болады. Ғалымдар арасында «дискурс» терминін түрліше түсіндіру орын алып отыр. Қазіргі таңда функционалды-коммуникативті көзқарас дискурсты мәтінмен бірге дүние туралы білімді, адресаттың мақсаты мен бағдарын, оның пікірін қамтитын экстралингвистикалық факторлардан тұратын күрделі коммуникативтік құбылыс деп анықтайды.

«Дискурс» ұғымын бір мағынада түсінудің қиындығы ол терминнің бірнеше ғылым салаларында, атап айтқанда, тіл білімі, әдебиеттану, әлеуметтік лингвистика, әлеуметтану, психолінгвистика, когнитивтік психология т.б. қолданысымен түсіндіруге болады. Сәйкесінше, бұл терминнің көпмағыналылығы және оның әр түрлі ғылым салаларында қолданысы оны түрліше түсіндіруге әкеледі. Бірақ дискурс теориясының өзі жеке ғылым саласы болып бірте-бірте қалыптасып келе жатқандығын да айтқан дұрыс.

Дискурс теориясы ХХ ғасырдың 60 жылдары қалыптаса бастаса, оған дейін бұл терминнің семантикалық өлшемдерін анықтауға ұмтылыстар жасалды. «Discours» термині тілімізге француз тілінен енген және оның сөзбе-сөз аудармасы «диалогтық сөйлеу» болып табылады [1, 89]. Осы анықтама дискурс ұғымының алғашқы және жалпы қолданыстағы мағынасын құрайды. Бірақ ХІХ ғасырда бұл термин көпмағыналы болды. Неміс тілінің 1960 жылы жарыққа шыққан Якоб Вильгельм Грим құрастырған “Deutsches Woerterbuch” сөздігі дискурс терминіне төмендегідей анықтама береді: 1) әңгімелесу, диалог; 2) сөйлеу, дәріс [2, 35]. Бұл ұғымды осылайша түсіндіру жекелеген пікірлерді зерттеу аясында қолданылып, кейіннен мәтін талдауға көшті. Мәтінді зерттеуге деген қызығушылықтың өсуі тілдің адам іс-әрекетінің түрлі қырларымен байланыста зерттеумен анықталады.

Алғашында мәтінді зерттеуге бағытталған жұмыстарды жүргізуде зерттеу нысанының терминологиялық анықтамасы мәселесі бойынша пікірталастар көп болды. Бірқатар ғалымдар «мәтін лингвистикасы» ұғымын нақты емес деген пікір айтты. Сондықтан да кейбір еңбектерде «мәтін лингвистикасы» термині «дискурс» терминімен алмастырылды. Бұл терминнің семантикалық өрісі бірте-бірте кеңейіп, «Мәтін лингвистикасы терминдерінің қысқаша сөздігінде» дискурсқа төмендегідей анықтама берілді: 1) жазбаша не ауызша сөз шығармашылығы; 2) мәтіннің ауызша-ауызекі сөйлеу түрі; 3) байланысты мәтін; 4) диалог; 5) мағыналары бойынша өзара байланысты айтылым [3, 29].

Дискурс теориясының қалыптасуы тіл тіралы ғылымның дамуына үлкен қадам болды және дискурсты лингвистикалық тұрғыдан сипаттауды талап етті.

Дискурс теориясы мәтін лингвистикасы аясында пайда болғанын ескерер болсақ, ол мәтіннен бөлініп кеткен жоқ, бірақ біртіндеп өзінің зерттеу пәнін анықтап, «дискурс» және «термин» ұғымдарын ажыратты. Бұған мысал ретінде В.Г.Борбатьконың «Дискурс – тілдің коммуникативтік бірліктерінің

(сөйлемдердің) және олардың жиынтығының мағыналық байланыстар арқылы одан да ірі бірліктерден тұратын бүтін құрылым ретінде тануға мүмкіндік беретін мәтін» [4, 31]. Берілген анықтама мәтіннің барлық жағдайда дискурс бола бермейтінін көрсетіп тұр. Дискурс әрқашан мәтін болады, бірақ кез келген мәтінді дискурс деп атауға болмайды деген тұжырым шығады.

Қазіргі лингвистикада дискурсты бірнеше қырынан түсіндіру қалыптасқан. Дебора Шифрин осы ұғымды анықтауға деген бірнеше көзқарастарды бөліп көрсетеді.

1. Коммуникативтік және функционалды көзқарас. Бұл көзқарас бойынша дискурс вербалды сөйлеу, диалог, әңгімелесу немесе адресанттың сөзі деп анықталады. Функционалды көзқарасқа сәйкес, дискурс – субъект, объект, уақыт, орын және жағдаятта көрінетін таңбалық құрылым.

2. Әлеуметтік-прагматикалық көзқарас. Бұл көзқарас дискурсты белгілі бір қарым-қатынас жағдаятында көрінетін мәтін деп анықтайды және айтылымның әлеуметтік типі болып саналады.

3. Құрылымдық-синтаксистік көзқарас. Бұл көзқарас бойынша дискурс сөйлемнен жоғары деңгейдегі айтылымды білдіреді, күрделі синтаксистік тұтастықтар арасындағы мағыналық байланыстар дискурстың басты белгілерінің біріне жатады.

4. Құрылымдық-стилистикалық көзқарас. Бұл көзқарас бойынша, дискурс ауызша сөйлеудің мәтіннен тыс ұйымдасуы болып шығады. Аталған көзқарас аясында дискурс үшін жағдаяттың, стилистикалық ерекшелік және спонтандық сипаттар тән [5,23].

Дискурсты анықтаудың жоғарыдағы бағыттары оның үш жақты табиғатын ашуға көмектеседі: дискурстың бірінші жағы мәтінмен тікелей байланысты, екінші жағынан коммуникацияға қатысушылардың санасында өтетін үдерістермен байланысты, үшінші жағынан прагматикамен байланысты.

«Дискурс» ұғымы «сөйлеу және мәтін» ұғымдарымен тікелей байланысты. Дискурс – сөйлеу шығармашылығымен байланысты когнитивті үдеріс, мәтін сөйлеу шығармашылығының соңғы нәтижесі, белгілі бір аяқталған формаға ие. Сөйлеу үдерісі мен оның нәтижесін бұлай бір-біріне қарсы қою мәтінді дискурс ретінде тану тек оның қабылдаушының санасына түсіп, қабылданған жағдайда ғана мүмкін екенін анықтайды. «Мәтін» мен «Дискурс» ұғымдарын ажыратуға деген ұмтылыс «жағдаят» категориясы арқылы ғана мүмкін болады. Осыдан барып дискурсты «мәтін»+ «жағдаят» деп түсіндіру қалыптасқан [6, 369].

Мәтіннің сипаты мен оның ерекшелігіне ғана назар аудару жеткіліксіз, өйткені мәтін біреуге арналған «жолдау» іспеттес және ол автордың көкейкөзі мен қажеттілігін бейнелейді, осы мәселелерді терең зерттеу «дискурс» ұғымын дүниеге әкелді. Француз ғалымы Э.Бенвенист лингвистің сөйлеу актісі субъектісі мен оның элементтерін зерттегенде кездесетін эмпирикалық нысан деп таниды.

Оның пікірінше, дискурс фразалардың жәй жиынтығы емес. Э. Бенвенист дискурстың басты белгісі оның коммуникацияға қатысушылармен байланысы, сөйлеуші мен тыңдаушының байланысы, сонымен бірге сөйлеушінің тыңдаушыға әсер етуді мақсат еткен қарым-қатынас ниеті деп есептейді [7, 124]. Тұлғаның мұндай коммуникативтік әрекеті сөйлеу қарым-қатынасын бастаушы, әңгіме тақырыбын ұсынушы, қарым-қатынас үдерісінде рөлдердің ауысуы, тақырыпты ауыстыру, қарым-қатынас актісінің аяқталуы дискурстың құрылымын құрайды.

Дискурстың лингво-коммуникативті аспектісі Г.А. Орлов ұсынған анықтамадан айқын көрінеді. Ол дискурсты ауызша және жазбаша түрде көрінетін, мағыналық тұтастықты білдіретін, ұзақтығы бірнеше сөйлемдерден басталып бүтін бір айтылымды (дәрістер, әңгімелер т.б.) қамтитын сөйлеу категориясы деп анықтайды [8,14]. «Дискурс» ұғымына байланыстылық, бүтіндік, аяқталған ойды білдіру сияқты мәтіннің қасиеттері тән, сондай-ақ, әлеуметтік-мәдени, коммуникативтік-жағдаяттық, экстралингвистикалық факторларды білдіретін үдеріске тән қасиеттерге де ие.

«Дискурс» терминінің анықтамасын талдай отырып, аталған терминнің анықтамасында мәтін өлшемдерімен бірге сол мәтін өзектелетін жағдай да көрініс беретінін айта кеткен дұрыс. Т.А. Ван Дейк ұсынған дискурстың анықтамасы қазіргі тіл білімінде басымдыққа ие деп айтуға болады: «Дискурс» - өзінің құрамында мәтінмен бірге оны түсінуге негіз болатын бірқатар экстралингвистикалық факторларды (дүние туралы білім, адресанттың мақсаты, бағыт-бағдары т.б.) қамтитын көп қырлы коммуникативтік құбылыс» [9,7]. Осы анықтаманың көптеген мәтінді лингвистикалық зерттеуге түрткі болғанын айтуға болады.

Шетелдік тіл білімі зерттеушілеріне сүйене отырып, В.З. Демьянков дискурсқа анықтама берді, ол анықтама басқа анықтамаларды толықтыра түседі: «Discours – бір сөйлемнен де көп нәрсені қамтитын дискурс немесе мәтін бөлігі. Көп жағдайда дискурс белгілі бір концептінің аясында қарастырылады және болып жатқан оқиғаны, оның өту орнын, жағдаятты, уақытты, оған қатысушы тұлғаларды сипаттау арқылы жалпы мәнмәтін жасалады, бұл сөйлемдердің белгілі бір бірізділігімен ғана емес, сонымен бірге дискурсқа қатысушылардың, яғни сөйлеуші мен тыңдаушының немесе түсіндірушінің арасындағы дүниетанымды бейнелейді. Дискурс элементтеріне коммуникацияға қатысушылар; коммуникативтік акт орын алып отырған оқиға және оқиғадағы белгілі бір жағдай коммуникацияға қатысушылардың бағасы, оқиғадағы ақпарат» [10, 275]. Бұл анықтаманың өзегінде дискурс мәтіннің баламасы емес, онымен бір емес және одан ауқымды құбылыс деген тұжырым жатыр.

Француз структуралистері мен постструктуралистерінің зерттеулері, әсіресе М. Фуко дискурсты әлеуметтік құбылыс деп таныды. Осы теорияны негіздеуді А. Греймас, Ж. Деррид, Ю. Кристев сынды ғалымдардың еңбектерінен көруге

болады. Аталған зерттеушілердің еңбектері стиль және тіл ұғымдарын нақтылауға мүмкіндік береді, стиль термині өзінің кең мағынасында түсіндіріліп, жеке тілдермен, жеке дискурспен салыстырылады (мысалы, «Пушкиннің стилі», «Абайдың стилі», «Р. Рейганның дискурсы» т.б.). Осы зерттеушілердің көзқарастарына сәйкес «дискурс» термині сөйлеу тілдерімен балама және дискурстың кімге, неге тиесілі екенін анықтайды. Мұның мәні зерттеушілердің қызығушылығы дискурсты өзінің кең мағынасында емес, оны белгілі бір өлшемдері бар ерекше тілдік белгілері, стиль және тақырып ерекшелігі, пайымдау және әсер ету т.б. нақты түрлерін зерттеуге ұмтылуы деп түсінуге болады. Демек, француз мектебі дискурсты айтылымның белгілі бір нақты заманға немесе әлеуметтік-саяси топқа қатысты сөйлеу типі деп анықтағанын көруге болады.

Жоғарыда айтылған «дискурс» ұғымының анықтамасынан оның «мәтінге» жақын ұғым екені байқалады, одан айырмашылығы дискурс белгілі бір уақытта өткен тілдік қарым-қатынас екендігінен көрінеді, ал мәтін статикалық нысан және тілдік әрекеттің нәтижесі болып саналады. Дискурсқа бірдей екі компонент тән деуші ғалымдар да кездеседі: тілдік әрекеттің әлеуметтік шартты динамикалық үдерісі және осы іс-әрекеттің мәтін түріндегі нәтижесі. Осы көзқарас бүгінгі күні көбірек назарға алынып жүр.

Ертегі дискурсының шығу көздеріне тоқталайық. Дискурс әлеуметтік құбылыс болғандықтан адам өмірінің көпқырлылығы мен оның қоғамдық өмірдегі қызығушылықтарының әртүрлілігімен тікелей байланысты. Дискурстың түрлерін анықтауға төмендегідей өлшемдер негіз болады:

1. Коммуникативтік актіге қатысушылардың сипаты. Осы өлшемнің негізінде дискурстың тұлғаға бағытталған және статусқа бағытталған түрлері анықталады.

2. Тарихилық. Дискурстың нақты бір дәуірмен байланысы және оның сол қоғамдағы қажеттілігімен анықталады, қоғамның белгілі бір тарихи даму кезеңіне сәйкес сөйлеу мәнері мен қарым-қатынас стратегиясы қалыптасады. Демек, дискурстың өзектелуі әлеуметтік қажеттілікпен тікелей байланысты.

3. Процессуалдық. Дискурстың бұл өлшемі сөйлеу әрекетінің қандай да бір салада нақты бір уақытта өткенін білдіреді. М.Я. Дымарский мұны әр дәуірдің өзіне тән сөздері мен сөз тіркестері, аналитикалық мақалалары, ақпараттық хабарламалары, сұхбат, пікірлері деп анықтайды [11,129].

Фольклорлық жанр ұрпақтан ұрпаққа ауызшадискурс арқылы жеткізілді. Ауызша дискурс айтылым барысында өзгеріске ұшырады, ол жазбаша дискурсқа түскенше бірнеше рет өзгеріп отырды. Ертегінің ауызша дискурстан жазылғанына қарамастан, автор ертегіде белгілі бір тарихи даму кезеңін бейнелейді. Сондықтан жазылып алынған ертегі мәтінін қайталанбайтын және ерекше мәтін деп есептеуге болады. Демек, ертегі дискурсы адамның сөйлеу шығармашылығы мен оны шебер жеткізу қабілетін көрсетеді, ертегі дискурсына қатысушылар әр түрлі болады: ертегішілер, ертегіні жинаушылар,

тыңдармандар. Ертегі дискурсының құрамдас бөліктерінің бірі болып саналатын фольклорлық жанрдағы негізгі ақпарат пен мағынаны естеу сақтау ұстанымы білімді ауызша жеткізу сипатына байланысты ақпараттың кейбір бөліктерінің түсіп қалуына, әрбір ертегішінің мәтінді өзінше жеткізуіне әкеледі, нәтижесінде ертегінің бірнеше нұсқалары пайда болады.

Автор санасындағы алғашқы ақпарат ертегі дискурсын жүзеге асыру және оның басқа түрлерін жасау үшін қажет. Ертегі дискурсы нақты бір тарихи даму кезеңі мен тұлғаның санасын бейнелейді, ал бұл өз кезегінде қоғамның бағыт-бағдарын, түрткілері мен көзқарастарын анықтайды. Ертегі дискурсында адамның күнделікті іс-әрекеті, қарым-қатынасы көрініс табады. Демек, ертегілік категориясын дискурста көрінетін ерекше менталды сана кеңістігіне жатқызуға болады.

Әлеуметтік және қоғамдық қажеттілік ертегі дискурсының өзектелуіне себеп болды. Ертегі дискурсы дамуының алғашқы кезеңінде оған қатысушылар ертегіші мен тыңдармандардан құралып, жағдаяттық-рөлдік формаға ие болған деп айтуға болады. Ертегі дискурсының ауызша формасынан жазбаша формасына ауысуы кезінде ең негізгі белгілердің бірі коммуниканттар арасындағы рөлдік қарым-қатынас. Демек, ертегі дискурсы жағдаяттық-рөлдік формадан жеке тұлғаға бағытталған дискурстың тұрмыстық типіне айналған. Соған сәйкес ертегі дискурсына қатысушылар мен олардың қарым-қатынас рөлдері де өзгерген: ертегіні ойдан құрастырушы енді ертегіні көркемдеп жеткізушіге, жатқа айтушыға айналады, содан кейін қатардағы орындаушыға, одан кейінірек ертегіні жинаушыға, өңдеушіге, компьютерде терушіге және ең соңында тыңдарман мен оқырманға ауысады.

В.Я. Пропптың пікірінше ертегіні айтушы оның мәтінін өз ойынша өзгерте алмайды. Оның шығармашылығы нақты тарихи даму кезеңі мен әлеуметтік ортамен анықталады. Дегенмен аталған факторлар өзгеріп тұруы әбден мүмкін. Олар үнемі өзгеріске ұшырап тұрады және ол ертегіні орындаушыға шығармашылық еркіндік береді [12, 373].

Ертегі дискурсының ауызша коммуникациядан жазбаша коммуникацияға өтуі ауызша қарым-қатынастың көркем-эстетикалық құндылықтарымен қатар жүреді. Б.Кроченің пікірінше, ертегілер мен аңыздар ең басында оларды ойлап табушылар мен ең алғашқы айтушылары салған поэтикалығы мен рухын біртіндеп жояды. Олар баяндаудың мәнін жеткізуші ретінде көрінеді, кейбір жағдайларда есеп беріп тұрған адамға ұқсайды. Сондықтан да фольклористер жазып алған кейбір ертегілер тыңдарманды жалықтырып жібереді [13, 45].

Ертегіні жинаушылар фольклорлық шығармаларды толықтырып, кейбір тұстарын қосып, көркемдеп өңдейді, сөйтіп өздері ертегі құрастырады. Ертегіні құрастыру және өңдеу біртіндеп кәсіби-әдеби шығармашылыққа айналады. Сәйкесінше, ертегі дискурсына тән жоғары эстетикалық сапа, яғни халықтың шынайы дүниені қабылдауын жеткізу емес, жеке адамның шығармашылығын,

жеке адамның дүниені қабылдау ерекшелігін жеткізуге айналады. Сөйтіп халықтық ертегілер біртіндеп түрлі өзгерістерге ұшырап әдеби ертегілерге айналады. Оның үстіне мұндай әдеби ертегілерде тәлім-тәрбие бағыты басымдық танытады [14, 13].

Ертегі дискурсын дискурстың бір түрі ретінде қарастыруға негіз болатын өлшемдерді анықтау оны түсіндіру мен жүйелеуге әкелді. Жоғарыда айтылған тұжырымдар ертегі дискурсын өз алдына зерттеу қажеттігін дәлелдейді.

Ертегі дискурсының зерттелуі мен «Ертегі дискурсы» ұғымының анықталуына шолу жасайық. Ертегі дискурсын зерттеуге арналған еңбектер қатары жылдан жылға көбейіп келеді. Е.С. Кубрякова мен О.В. Александрова «Кеңістік түрлері, мәтін және дискурс» (1997), Н.Н. Миронова «Бағалауыштық семантиканы дискурс-талдау» (1997), В.Я. Пропп «Орыс ертегісі» (2000), Ю.В. Мамонова «Ағылшын тұрмыстық ертегілері лексикасының когнитивті-дискурсивті ерекшеліктері» (2004), Н.А. Акименко «Ағылшынтілді ертегі дискурсының лингвомәдени сипаты» (2005), М.В. Демина «Британ ертегі дискурсының гендерлік концептосферасы: дәстүрден қазіргі заманға дейін» (2000), А.М. Кербс «Орыс ертегі дискурсының кеңістігі» (2010), К.Т. Батуева, И.Г. Ульянова өздерінің «Ертегі дискурсының лексикалық ерекшелігі» (2011), Т. Луговая «Қазіргі мәдениеттегі ертегі дискурсы» (2012), У.В. Каримова «Ертегі дискурсының лингвомәдени сипаты» (2013), Ю.М. Брейгер «Орыс, француз ертегі дискурсындағы сынақтың вербалдануы» (2013), О.А. Плахова «Ағылшын ертегілерінің лингвосомиотикасы: жанрлық кеңістігі, таңбалық бейнеленуі, дискурсивтік өзектелуі» (2013), О.А. Плахова «Дискурс пен жанрдың өзара байланысы мәселесі туралы (ертегі дискурсы бойынша)» (2015), Л.П. Ковальчук «Ертегі дискурсының құрылымы және ғылыми парадигмасы» (2013), Д.Ф. Шакиров, А.Ш. Юсупова «Ертегі дискурсының лингвомәдени аспектісі және оның татар тіліне аударылу мәселесі» (2016), И.С. Соборная «Ертегі дискурсын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері» (2017), Е.Ф. Бизунова «Ертегі дискурсы халық менталитетінің көрінісі (белорусь және неміс ертегілері негізінде)» (2017), Ю.С. Городова «Ағылшынтілді эпостардағы ертегі дискурсының ерекшелігі» (2017), С.К. Кенжемуратова «Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері» (2020), А.Т. Қасымбекова «Ертегілердегі ғаламның концептуалдық бейнесі (қазақ және ағылшын тілдері негізінде)» (2020), А.В. Шаколо «Ертегі дискурсы: пайда болуы, қалыптасуы, орыс, белорусь, неміс лингвомәдениетіндегі тірек концептілер» (2021), В.В. Галлямова «Ертегі дискурсын зерттеудегі ертегінің топтастырылуы» (2021), С. Цзинтин «Орыс халық ертегілерінің дискурстық ерекшеліктері (А.Н.Афанасьев жинағының материалдары бойынша)» (2021), Н.К. Култанбаева «Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері (қазақ, орыс және араб тілдері материалдары негізінде)» (2022) т.б. зерттеулер бар. Берілген зерттеулерден ертегі дискурсының әр түрлі қырынан қарастырылғаны байқалады. Зерттеу

еңбектерінің ішінен салғастырмалы аспектіге басымдық беріліп отырғанын да көруге болады. Бұл соңғы жылдары тіл біліміндегі тілді адаммен, адамның таным-түсінігімен бірлікте қарастыру ұстанымымен тығыз байланысты. Ертегі дискурсы халық өмірінің тілдегі көрінісі екенін дәлелдейтін мысалдар жоғарыда аталған еңбектердің әрқайсынан кездеседі.

Ертегі дискурсына арналған еңбектердің тақырыбы қандай әр алуан болса, оларда берілген «ертегі дискурсы» ұғымының анықтамасы да түрліше болып келеді. Мәселен, Е.С. Кубрякова мен О.В. Александрованың зерттеуінде ертегі дискурсы ұғымын белгілі бір әлеуметтік ақпаратты жеткізуді мақсат ететін танымдық және тілдік қызметтің нәтижесі деп анықтаса [15, 31], зерттеуші Н.Н. Миронова ертегі дискурсын сөйлеу қарым-қатынасының бұл түріне қоғамда қалыптасқан нормалар мен құндылықтарды сыни тұрғыдан талдау тән деп түсіндіреді. Ертегі дискурсы кез келген ұлттың дүние бейнесі туралы толыққанды ақпарат беретін мәтін деп тұжырымдайды [16, 33].

Ю.В. Мамонова ертегі дискурсы ұғымын мәдени-құндылық ақпарат көзі [17,71] ретінде түсіндірсе, Н.А. Акименко ертегілік категориясы іс жүзіне асатын коммуникативтік орта деп анықтайды [14, 4]. Ғалым М.В. Демина ертегі дискурсын және ондағы гендерлік ерекшеліктерді арнайы зерттей келе былай деп тұжырымдайды: «Ертегі дискурсы - сан ғасырлар бойы халықтың жинаған өмірлік тәжірибесі туралы мәліметтердің кодталып, ұлттың өзіндік дүниетанымын бейнелейтін мәдени қойма» [18, 91]. А.М. Кербс «Орыс ертегі дискурсының кеңістігі» зерттеуінде ертегі дискурсын этностың күрделі ойлау жүйесінің нәтижесі деп анықтаса [19, 5], К.Т. Батуева, И.Г. Ульянова ертегі дискурсының әлеуметтік-мәдени, экстралингвистикалық, прагматикалық және психологиялық факторларға тәуелді екенін айта келе, ұлттың ділін, наным-сенімдерін бейнелейтін байланысқан мәтін деп түсіндіреді [20, 91]. Т. Луговая өзінің «Қазіргі мәдениеттегі ертегі дискурсы» деген мақаласында ертегі дискурсының мәдениетпен байланысын анықтайды. Жарнама дискурсындағы ертегілік бейнелер мен олардың қазіргі мәдениетті қалыптастырудағы рөліне ерекше назар аударады [21, 14-18]. Ю.М. Брейгер «Орыс, француз ертегі дискурсындағы сынақтың вербалдануы» деп аталатын диссертациясы салғастырмалы сипатта жазылған еңбектердің бірі болып саналады. Орыс және француз ертегі дискурсындағы сынақтарға тән ортақ және айырым белгілері нақты мысалдар арқылы дәлелденіп, қорытынды жасалады [22, 3-5].

Зерттеуші А.Т. Қасымбекова ертегілердегі ғаламның концептуалдық бейнесі қазақ және ағылшын тілдері материалдары негізінде салғастырмалы талдау жасай келе, әрбір этнос ертегісіне тән мәдени маркерлер мен прецедентті атаулардың болатындығын атап көрсетеді [23, 116]. Қазақ, орыс және араб тілдеріндегі ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері зерттеуші Н.К. Құлтанбаеваның еңбегінде жан-жақты қарастырылады. Н.К. Құлтанбаева ертегі дискурсына төмендегідей анықтама береді: «Ертегі дискурсы когнитивтік

және тілдік қызметтің динамикалық үдерісі, ерекше әлеуметтік ақпарат түрінде ұсынылған сөйлесім үлгісі. Ертегі дискурсы қарым-қатынасқа қатысушылар арасындағы белгілі бір этностың әлеуметтік-мәдени дүние бейнесін терең көрсететін шынайы сөйлеу әрекеті. Ертегі дискурсы – әлеуметтік-тарихи, мәдени, этникалық, тілдік факторлармен айқындалған, жеке тұлғаның және бүтін халық санасының ерекшелігін, уақытпен дәлелденген озық дәстүрлерді бейнелейтін, белгілі бір дәуірдің шындықтарымен сәйкес келетін әлеуметтік концептілердің және олардың түрлі нұсқаларының өзіндік жиынтығы» [24].

Нәтижелер. Ертегі дискурсы ұғымына берілген ой-тұжырымдар мен анықтамаларды зерделей келе, мынадай қорытынды жасауға болады. Ертегі дискурсы әрбір ұлттың өмір-тіршілігі, дүниетанымы, наным-сенімі, бір сөзбен айтқанда дүние бейнесі туралы мәдени-құнды ақпараттар жиынтығы болып шығады.

Дискурс түрлерінің өзара байланысын және олардың бір-бірінен ажырату мәселесі оңай емес. Өйткені бір дискурс түрі екінші дискурс түрімен байланыса отырып, екінші түріне ауысып кететін жағдайлар көп кездеседі. Қазіргі кезде дискурстың саяси, кәсіби, іскери, ақпараттық, ертегі, жарнама т.б. түрлері ажыратылып, зерттеліп жүр.

Ертегі дискурсының саяси дискурсмен байланысы өте ертеден басталады. Өмірлік тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, мәселен, аңшылық, балық аулау, мал бағу т.б. әңгімелеу арқылы жеткізу алғашқы қауымдық құрылыстан бастау алады. Осы білімдермен бірге дүниеге деген діни-сиқырлық көзқарастар да беріліп отырған. Сол кезде тайпа көсемдері айтқан әңгімелер қазіргі ертегілер мен мифтердің негіздері болып саналады. Уақыт өте келе мифологиялық әңгімелердегі табиғи құбылыстар ғылыми тұрғыдан түсіндіріле бастағандықтан, олар өзектілігін жоя бастады. Бірақ олардың сюжеттері халықтық ертегілердің жасалуына негіз болды.

Ертегі дискурсы теледидар, компьютер және театр дискурстарымен тығыз байланысты. Театр қойылымдары мен фильмдер, мультфильмдер, компьютерлік ойындардағы сюжеттер ертегі дискурсынан алынады. Осы дискурс түрлерімен байланысқа түсе отырып, ертегі дискурсы өзінің шекарасын жойып, мысалы, компьютерлік дискурста арнайы бағдарлама арқылы жасалған интербелсенді ертегіге айналады және компьютер қолданушылардың іс-әрекетіне толықтай бағынады. Ертегі дискурсы жарнама дискурсында көбірек көрініс табады. Жарнамада ертегі кейіпкерлері ойыншық түрінде, сату белгілері түрінде қолданылады. Ертегі дискурсы – күрделі лингвомәдени бірлік, ол қазіргі қарым-қатынастың әр түрлі жағдаятында кездеседі.

Ертегі дискурсы мен діни дискурстың байланысын олардың құрылысынан көруге болады. Діни дискурста «Әумин, құдай жарылқасын, алла қолдасын, бір алла өзі жар болсын т.б.» тұрақты клишелер жиі қолданылса, ертегі дискурсында «Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, сөйтіп барша мұратына жетіпті т.б.» тұрақты клишелер қолданылады. Ертегі дискурсына тән

ерекшеліктердің бірі ретінде баяндаудағы нақтылықтың болмауын айтамыз. Мысалы, ертегідегі «алдынан орман кездесті» деген сөйлемде қандай орман, ормандағы ағаштардың түрлері қандай т.б. ақпараттар берілмейді. Немесе «күндердің бір күнінде, айлардың бір айында», «бір елде», «көз көрмеген, құлақ естімеген жерде» т.б. тіркестер таза ертегілік тәсіл болып саналады.

Қорытынды. Қазіргі лингвистикада «дискурс» ұғымын анықтауға коммуникативтік, әлеуметтік-прагматикалық, құрылымдық-синтаксистік және құрылымдық-стилистикалық көзқарастар қалыптасты. Осыған қарамастан, «дискурс» ұғымының мағынасы кең, аталған көзқарастар оның үш жақты табиғатын ашуға мүмкіндік береді: бір жағынан дискурс мәтінмен тығыз байланысты, екінші жағынан – дискурс – коммуникацияға қатысушылардың санасында өтетін үдеріспен байланысты, үшінші жағынан прагматикамен тығыз байланысты.

Лингвистикалық парадигманың лингвомәдени тұжырымы аясында ертегі мәтіні көп қырлы, кешенді құрылымдық-семантикалық түзіліс болып шығады. Біздің зерттеуімізде ертегі дискурсы ертегі мәнмәтіні аясында жүзеге асатын, нәтижесі мәтін болатын, ғажайып, белгісіз хронотоп, құрылымдық және семантикалық, аксиологиялық белгілерді бойына жинақтаған ертегілік категориясы бар коммуникативтік үдеріс ретінде түсіндіріледі.

Ертегі дискурсы ұғымын анықтау және оның басқа дискурс түрлері арасындағы орнын белгілеу оның басқа дискурс түрлерімен өзара байланысын анықтау арқылы мүмкін болады.

Әдебиеттер

1. Большой энциклопедический словарь / под ред. А.М. Прохорова. – СПб.: Норинт, 2004. – 1456 с.
2. Deutsches Woerterbuch / ed. by J. Grimm. Leipzig S. Hirzel, 1860. – 718 p.
3. Николаева Т.М. Краткий словарь терминов лингвистики. – М: Прогресс, 1978. – 480 с.
4. Борботько В.Г. Элементы теории дискурса. – Грозный: ЧИГУ, 1981. – 113 с.
5. Schiffrin D. Approaches to Discourse. – Oxford: Blackwell, 1994. – 470 p.
6. Wilensky R. Discourse, probability, and inference // Beliefs, Reasoning, and Decision Making, vol. 5, 1994. – P. 363-388.
7. Гийом Ж., Мальдидье Д.О. новых приёмах интерпретации, или проблема смысла с точки зрения анализа дискурса // Квадратура смысла. – М.: Прогресс, 1999. – С. 124-136.
8. Орлов Г.А. Современная английская речь. М.: Высш. шк., 1991. – 238 с.
9. Ван Дейк Т.А. Язык. Познание. Коммуникация. – Москва: Прогресс, 1989. – 310 с.
10. Демьянков В.З. Доминирующие лингвистические теории в конце XX века // Язык и наука конца XX века. – М.: Ин-т языкознания РАН, 1995. – С. 239-320.
11. Борботько В.Г. Принципы формирования дискурса: От психолингвистики к лингвосинергетике. – Москва: Либроком, 2011. – 288 с.
12. Пропп В.Я. Русская сказка: собрание трудов. – М.: Лабиринт, 2000б. – 416 с.
13. Голованов И.А. Фольклорное сознание как особый тип художественного

освоения действительности // Вестник Челябинского государственного университета. Серия: Филология и искусствоведение, 2009. – Вып. 33 – № 22 (160). – С. 43-48.

14. Акименко Н.А. Лингвокультурные характеристики англоязычного сказочного дискурса: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Волгоград, 2005. – 23 с.

15. Кубрякова Е.С., Александрова О. В. Виды пространства, текста и дискурса // Категория мира: пространство и время: материалы науч. конф. – М.: Диалог, 1997. – 389 с.

16. Миронова Н.Н. Дискурс-анализ оценочной семантики. – М.: НВИ Тезаурус, 1997. – 160 с.

17. Мамонова Ю.В. Когнитивно-дискурсивные особенности лексики английской бытовой сказки: автореф. дис. ... канд. филол. наук /Ю.В. Мамонова. – М., 2004. – 22 с.

18. Демина М.В. Гендерная концептосфера британского сказочного дискурса: от традиции к современности // Вестник СамГУ. 2006. №10/2 С. 64.

19. Кербс А.М. Пространство русского сказочного дискурса // URL: https://upload.pgu.ru/iblock/8dd/uch_2010_viii_00008.pdf (Дата обращения: 18.11.2022).

20. Батуева К.Т., Ульянова И.Г. Лексические особенности сказочного дискурса // Вестник Пятигорского государственного университета. – 2011. – № 4. – С. 191.

21. Луговая Т. Сказочный дискурс современной культуры / Культурологічний та мистецтвознавчий журнал. – №4 (35) 2012. – С. 14-19.

22. Брейгер Ю.М. Вербализация испытания в сказочном дискурсе в русском и французском языках» диссертация на соискание уч. степ. кандидата филол. Наук. Волгоград. –2013. –138 с.

23. Қасымбекова А.Т. Қазақ, ағылшын тілдеріндегі ертегілердің зерттелуі, дамуы мен қалыптасуы // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. 2017, №2. – Серия филология. – Алматы: 2017. – Казахстан, Алматы Вестник КазНУ. – №2 (166). – С. 361-367. Доступно на: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/2366>>. Дата доступа: 10 may 2023

24. Issakova S.S., Kultanbayeva N., Kushtayeva M.T., Saduakas N., Aitpenbetova A., Imangazina A. Fairytale Discourse as a Demonstration of the National // Mentalityhttp:// Astra Salvensis.com / 2021-2 / 121-135. <https://astrasalvensis.eu/2021-2/#>

Н.Е. КАРТЖАН, С.С. ИСАКОВА

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актобе,
Казахстан

С. КЕНЖЕМУРАТОВА

Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

ПРОБЛЕМА ИЗУЧЕНИЯ СКАЗОЧНОГО ДИСКУРСА: ОПРЕДЕЛЕНИЕ, КЛАССИФИКАЦИЯ И ВЗАИМОСВЯЗЬ

Аннотация. Статья посвящена изучению сказочного дискурса. Проблемы теории дискурса, возникшие в рамках антропоцентрической парадигмы лингвистики, в последние годы стремительно развиваются. В лингвистике сложилось много мнений о понятии дискурс. В статье говорится о формировании

коммуникативных и функциональных, социально-прагматических, структурно-синтаксических, структурно-стилистических подходов к определению понятия дискурса в современном языкознании. Определяется связь дискурса с текстом, процессами, протекающими в сознании участников коммуникации, с прагматикой. Проводится анализ определений ученых, давших понятие «Дискурс», предлагаются собственные выводы. Определением видов дискурса определяется характер, историчность, процессуальные критерии участников коммуникативного акта. Анализируются мнения об источниках сказочного дискурса. Проведен всесторонний анализ изучения сказочного дискурса. Дифференцируются определения, данные понятию «сказочный дискурс», делаются собственные выводы. Делается вывод, что сказочный дискурс является совокупностью культурно-ценной информации о жизни, мировоззрении, убеждениях каждой нации, то есть, о картине мира. Определяется связь сказочного дискурса с политическим, телевизионным, компьютерным и театральным дискурсами. Сказочный дискурс – это сложная лингвокультурная единица, которая встречается в различных ситуациях современного общения. Связь сказочного дискурса и религиозного дискурса доказана на конкретных примерах.

Ключевые слова: дискурс, теория дискурса, сказочный дискурс, текст, коммуникация, прагматика, лингвокультурная единица, картина мира, языковая картина мира

N.E. KARTZHAN, S.S. ISSAKOVA

Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

S. KENZHEMURATOVA

A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan.

THE PROBLEM OF STUDYING FAIRY-TALE DISCOURSE: DEFINITION, CLASSIFICATION AND RELATIONSHIP

Annotation. The article is devoted to the study of fairy-tale discourse. The problems of discourse theory that have arisen within the framework of the anthropocentric paradigm of linguistics have been developing rapidly in recent years. There are many opinions in linguistics about the concept of discourse. The article deals with the formation of communicative and functional, socio-pragmatic, structural-syntactic, structural-stylistic approaches to the definition of the concept of discourse in modern linguistics. The connection of the discourse with the text, the processes taking place in the minds of communication participants, with pragmatics is determined. The analysis of the definitions of scientists who gave the concept of «Discourse» is carried out, their own conclusions are proposed. The definition of the types of discourse determines the nature, historicity, procedural criteria of the participants of the communicative act. Opinions about the sources of fairy-tale

discourse are analyzed. A comprehensive analysis of the study of fairy-tale discourse has been carried out. The definitions given to the concept of «fairy-tale discourse» are differentiated and their own conclusions are drawn. It is concluded that fairy-tale discourse is a set of culturally valuable information about the life, worldview, beliefs of each nation, that is, about the picture of the world. The connection of fairy-tale discourse with political, television, computer and theatrical discourses is determined. Fairy-tale discourse is a complex linguistic and cultural unit that occurs in various situations of modern communication. The connection between fairy-tale discourse and religious discourse is proved by concrete examples.

Keywords: discourse, theory of discourse, fairy-tale discourse, text, communication, pragmatics, linguistic and cultural unit, worldview, linguistic worldview

References

1. Bol'shoj jenciklopedicheskij slovar' / pod red. A.M. Prohorova. – SPb.: Norint, 2004. – 1456 s.
2. Deutsches Woerterbuch / ed. by J. Grimm. Leipzig S. Hirzel, 1860. – 718 p.
3. Nikolaeva T.M. Kratkij slovar' terminov lingvistiki. – M.:Progress, 1978. – 480 s.
4. Borbot'ko V.G. Jelementy teorii diskursa. – Groznyj: ChIGU, 1981. – 113 s.
5. Schiffrin D. Approaches to Discourse. – Oxford: Blackwell, 1994. – 470 p.
6. Wilensky R. Discourse, probability, and inference // Beliefs, Reasoning, and Decision Making, vol. 5, 1994. – P. 363-388.
7. Gijom Zh., Mal'did'e D. O novyh prijomah interpretacii, ili problema smysla s točki zrenija analiza diskursa // Kvadratura smysla. – M.: Progress, 1999. – S. 124-136.
8. Orlov G.A. Sovremennaja anglijskaja rech'. – M.: Vyssh. shk., 1991. – 238 s.
9. Van Dejk T.A. Jazyk. Poznanie. Kommunikacija. – Moskva: Progress, 1989. – 310 s.
10. Dem'jankov V.Z. Dominirujushhie lingvisticheskie teorii v konce XX veka // Jazyk i nauka konca XX veka. – M.: In-t jazykoznanija RAN, 1995. – S. 239-320.
11. Borbot'ko V.G. Principy formirovanija diskursa: Ot psiholingvistiki k lingvosinergetike. – Moskva: Librokom, 2011. – 288 s.
12. Propp V.Ja. Russkaja skazka: sobranie trudov. – M.: Labirint, 2000b. – 416 s.
13. Golovanov I.A. Fol'klornoe soznanie kak osobyj tip hudozhestvennogo osvoenija dejstvitel'nosti // Vestnik Cheljabinskogo gosudarstvennogo universiteta. Serija: Filologija i iskusstvovedenie, 2009. – Vyp. 33 – № 22 (160). – S. 43-48.
14. Akimenko N.A. Lingvokul'turnye karakteristiki anglojazychnogo skazochnogo diskursa: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. – Volgograd, 2005. – 23 s.
15. Kubrjakova E.S., Aleksandrova O. V. Vidy prostranstva, teksta i diskursa // Kategorija mira: prostranstvo i vremja: materialy nauch. konf. – M.: Dialog, 1997. – 389 s.
16. Mironova N.N. Diskurs-analiz ocenочноj semantiki. – M.: NVI Tezaurus, 1997. – 160 s.
17. Mamonova Ju.V. Kognitivno-diskursivnye osobennosti leksiki anglijskoj bytovoj skazki: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk /Ju.V. Mamonova. – M., 2004. – 22 s.
18. Demina M.V. Gendernaja konceptosfera britanskogo skazochnogo diskursa: ot tradicii k sovremennosti// Vestnik SamGU. – 2006. – №10/2. – S. 64.
19. Kerbs A.M. Prostranstvo russkogo skazochnogo diskursa // URL:

https://upload.pgu.ru/iblock/8dd/uch_2010_viii_00008.pdf (Data obrashhenija: 18.11.2022).

20. Batueva K.T., Ul'janova I.G. Leksicheskie osobennosti skazochного diskursa // Vestnik Pjatigorskogo gosudarstvenного universiteta. – 2011. – № 4. – С. 191.

21. Lugovaja T. Skazochnyj diskurs sovremennoj kul'tury / Kul'turologichnij ta mistectvoznachnij zhurnal. – №4 (35) 2012. – S. 14-19.

22. Brejger Ju.M. Verbalizacija ispytaniya v skazochnom diskurse v russkom i francuzskom jazykah» dissertacija na soiskanie uch.step. kandidata filol. nauk. – Volgograd, 2013. – 138 s.

23. Qasymbekova A.T. Qazaq, aǵylsyn tilderindeǵı ertegilerdiń zerttelui, damuy men qalyptasuy / Äl-Farabi atyndaǵy Qazaq ultiyq universitetiniń Habarşysy. Filologia seriasy. – 2017. – №2. – Seria filologia. – Almaty, 2017. – Kazahstan, Almaty Vestnik KazNU. – №2 (166). – S. 361-367. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/2366>.

24. Issakova S.S., Kultanbayeva N., Kushtayeva M. T., Saduakas N., Aitpenbetova A., Imangazina A. Fairytale Discourse as a Demonstration of the National // Mentality [http:// AstraSalvensis.com/2021-2/121-135](http://AstraSalvensis.com/2021-2/121-135). <https://astrasalvensis.eu/2021-2/#>

Авторлар туралы мәлімет:

Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлы – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің докторанты, Ақтөбе, Қазақстан.

Картжан Нарқозы Есенгелдиұлы – докторант Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан

Kartzhan Narkozy Esengeldiuly – doctoral student of Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

Исакова Сабирә Сағынбекқызы – филология ғылымдарының докторы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, Ақтөбе, Қазақстан.

Исакова Сабирә Сағынбековна – доктор филологических наук, профессор Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан

Issakova Sabira Sagynbekovna – doctor of philological sciences, professor, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

Кенжемұратова Салима Кенжемұратқызы – филология ғылымдарының кандидаты, А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан

Кенжемуратова Салима Кенжемуратовна – кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова.

Kenzhemuratova Salima Kenzhemuratovna – candidate of philological sciences, Associate Professor, A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan.